

Аудан әкімдігінің "1992 жылы туған және алдында тіркеуді өтпеген ересек жастағы азаматтардың әскерге шақыру учаскесінде тіркеуін жүргізу туралы" 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 2 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 28 ақпандағы N 31 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда N 13-10-79 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 13 қыркүйектегі N 02-08-02-02/828 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімі аппаратының 2012.09.13 N 02-08-02-02/828 хаты)

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өздігінен басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің «1992 жылы туған және алдында тіркеуді өтпеген ересек жастағы азаматтардың әскерге шақыру учаскесінде тіркеуін жүргізу туралы» 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 2 қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізбесінің Солтүстік Қазақстан аймақтық бөлімінде 2009 жылы 20 қаңтарда № 13-10-74 тіркелген, «Знамя труда» газетінде 2009 жылы 23 қаңтарда басылған), аудан әкімдігінің «1992 жылы туған және алдында тіркеуді өтпеген ересек жастағы азаматтардың әскерге шақыру учаскесінде тіркеуін жүргізу туралы» 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 11 қаулысымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға (мемлекеттік тіркеу тізбесінің Солтүстік Қазақстан аймақтық бөлімінде 2009 жылы 28 қаңтарда № 13-10-75 тіркелген, «Знамя труда» газетінде 2009 жылы 6 ақпанда басылған) төмендегі толықтырулар енгізілсін:

п р е а м б у л а д а :

«Жергілікті басқару туралы» сөздерінен кейін «және өздігінен басқару туралы» сөздерімен толықтырылсын;

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» сөздерінен «прокурордың 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 10в/09 наразылығы негізінде» сөздерімен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы
С.Қ.Мамашәріповке жүктелсін.

3. Осы қаулы бірінші рет жарияланған күннен бастап он күн өткен соң заңды
қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Нұғыманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК